



АҚИҚАТТЫҢ
АЛДАСПАНЫ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



КІТАПЕН
ӘЛЕМ ЖАРҚЫН

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қасиетті нышандарымызда қазақтың мыңжылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғысқан. Ту халқымыз үшін қашанда ерлік пен елдіктің символы саналған. Көк түріктер заманында бабаларымыз бөрілі байрақтың төңірегіне топтасты. Қазақ хандығының туы бүкіл ұлтты ұйыстырды, ел бірлігін бекемдеді. Ал өткен ғасырда арыстарымыз «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп халыққа жігер берді. Көне дәуірден мирас болған осы дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге жетті. Қазақ елінің көгінде Ұлы даланың айынын асырған тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені бұл – бабаларымыздың орындалған арманы.

№65
(4498)
Сенбі
3 маусым
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӨК ТУҒА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

Оңалхан ӨНЕРХАН

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР МЕРЕКЕСІ

Астана қаласында Мемлекеттік рәміздер күніне орай 600-ден аса іс-шара өткізу жоспарланып отыр.

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының мәліметі бойынша биыл елордада рәміздер күніне арналған іс-шаралар өткен жылмен салыстырғанда үш есеге көп өтеді.

Мереке аясында түрлі танымдық сайыстар, сурет пен шығарма байқаулары, жалаушалар тарату, акциялар, ат бәйгесі, кездесулер, семинар, мерекелік концерт, жас

мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы, авто-мото шеру сынды іс-шаралар бар.

Сонымен қатар ірі сауда орталықтарында орналастырылған LED-экрандарда мемлекеттік рәміздер туралы аудио және бейнероликтер көрсетіліп, елорда тұрғындары арасында «Менің туым – менің мақтанышым!» атты жаппай челлендж ұйымдастырылады.



АНАЛАР МЕН ӘКЕЛЕР КҮНІ БОЛАДЫ

Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі жаңа мерекелермен толықты.

Үкіметтің тиісті қаулысы бойынша елімізде Аналар күні мерекесі мамыр айының екінші жексенбісінде, Әкелер күні мерекесі маусымның үшінші жексенбісінде аталып өтетін болды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мәлім етті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі» дегені белгілі. Отбасын нығайтатын факторлардың бірі әулет мүшелерінің бірге уақыт өткізуі, ортақ қуанышты бірге атап өтуі екені анық. Сол себепті әкелер мен аналарға арналған бұл атаулы мерекелік күндер ұлттық болмысымызға сай жаңа мазмұнда тойланып, жалпыхалықтық сипат алады деген ойдамыз» деді министр.

ҰБТ БАСТАЛДЫ!

Елімізде негізгі ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) науқаны басталды. Жаңа ережеге сәйкес, биылғы ҰБТ қаңтар-наурыз айында өтсе, екінші негізгі ҰБТ 16 мамырда басталған. Сынақтар 5 шілдеге дейін жалғасады.

Биыл елімізде 172 мыңға жуық түлек орта мектепті тәмамдады. Ал Астана қаласында 11-сыныпты 9539 түлек бітірді.

Еске сала кетсек, 2023 жылғы талапкерлер ҰБТ-ны бес рет тапсыру құқығына ие болды. Сынақтар

қаңтар, наурыз, тамыз айында ақылы негізде оқу үшін, гранттық байқауға қатысу үшін мамыр-маусым айында негізгі ҰБТ-ны (2 рет) тапсырады. 5 пән саны өзгеріссіз қалды, оның үшеуі міндетті және екеуі мамандандырылған.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.44 \$ USD/KZT 448.72 ₪ RUB/KZT 5.56 ¥ CNY/KZT 63.12

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

АЙМАҚТЫҚ ДИАЛОГ КҮШЕЙЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия Президенттерінің Шолпан-Ата қаласында өткен «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» форматындағы екінші кездесуіне қатысты. Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіске қарамастан, аймақтық диалогты күшейткеніне ризашылығын білдірді. Оның пікірінше, бұл істе Еуропалық Одақтың атқарған рөлі зор.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Орталық Азия мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастықтың перспективасы мол.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша Еуропадан Қазақстанға тартылған инвестиция 23 пайызға артып, 12,5 миллиард долларға жетті. Тәуелсіздік жылдарында біз шетелден 350 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тарттық. Оның жартысына жуығы Еуроодақ елдеріне тиесілі. Еуропалық Одақ – Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның Еуроодақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда Shell, Epi, Total, Air Liquide, Alstom, Siemens және басқа да трансұлттық корпорацияларды қоса алғанда, еуропалық капиталдың үлесі бар үш мыңнан астам компания жұмыс істейтінін атап өтті. – Біздің жан-жақты серіктестігіміз



сирек кездесетін металдарды және «жасыл» сутегіні өндіру стратегиялық маңызды әрі перспективті салалардағы жаңа келісімдермен нығайтып келе жатқанын ерекше атап өткім келеді. Svevind неміс-швед компаниясы Қазақстанда жел және күн электр станцияларын орнататын және үш миллион тонна «жасыл» сутегін өндіретін зауыт құрылысын бастады. Бұл – серпінді жобалардың бірі, сондай-ақ Еуроодақтың осы өнімге деген қажеттілігінің шамамен 20 пайызын құрайды. Былтыр қараша айында Еуропалық Комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйенмен бірге Тұрақты шикізат, аккумуляторлар және жаңғыртылатын сутектің құнын жасақтау тізбегі бойынша стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойдық, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір елдері үшін стратегиялық маңызы бар ынтымақтастықтың басым бағытта-

рын ұсынды. Президент, ең алдымен, тауар айналымын ұлғайту мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, негізгі міндет – сауда номенклатурасын кеңейту арқылы экспортты ұлғайту.

– Қазақстан машина жасау, темір және болат өндірісі, тамақ өнеркәсібі секілді салалар бойынша құны 2,3 миллиард доллар болатын 175 шикізаттық емес тауар түрі бойынша Еуроодақ елдеріне экспортты ұлғайтуға дайын. Ауыл шаруашылығындағы ынтымақтастықтың келешегі зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атады. Президенттің пайымынша, қазіргі кезеңде Транскаспий халықаралық көлік бағыты стратегиялық маңызға ие.

– Бұл бағыт өңірлеріміз арасындағы қарым-қатынас деңгейін айтарлықтай күшейте алады деп санаймын. Жұырда Қытайға жасаған мемлекеттік сапа-

рынның аясында қытайлық серіктестерімізбен бірге Сиань қаласында логистикалық терминалдың іргетасын қаладық. Бұл порт Орталық Азия территориясы арқылы Еуропаға тікелей контейнерлік пойыздарды жіберу үшін маңызды хаб болмақ. Сондай-ақ біз Транскаспий бағытын Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштастыруға уағдаластық, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы басқа бағыттар бойынша жеткізілетін мұнай экспортының перспективаларын айқындап берді.

– Мысалы, биыл жыл басынан бері Қазақстан мұнайын «Ақтау – Баку – Тбилиси – Джейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 миллион тонна көлемде жөнелту жұмысы басталды. Орта мерзімді перспективада біз «Ақтау – Батуми» бағыты бойынша Транскаспий бағытының құбыры арқылы жөнелту көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге Қазақстан «Дружба» құбыры арқылы Германияға мұнай жеткізу ісін жүзеге асыра бастады. Биыл жыл басынан бері 90 мың тонна көлемінде мұнай жеткізілді. Бұл көрсеткішті 1,2 миллион тоннаға дейін жеткізуге әлеуетіміз жеткілікті және оны келешекте арттыруға мүмкіндігіміз бар, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент цифрлық даму туралы айта келе, бұл бағытта ынтымақтастық мүмкіндіктері мол екеніне тоқталды.

– Биыл наурыз айында Microsoft компаниясы Қазақстанда озық технологияларды тарту орталығына айналатын Мультиөңірлік хаб ашқаны туралы жарияланды. Біз 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау міндетін қойдық. Сондықтан Еуропа университеттерін Қазақстанда, оның ішінде маңызды өңірлік IT алаңға айналған Astana Hub технопаркі база-

сында филиалдар ашуға шақырамын. Жалпы, біз цифрландыру саласындағы өз әзірлемелерімізді кеңейтуді және өңірлік деңгейде цифрлық хаб ретінде тәжірибемізді бөлісуді жоспарлап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуде және ауқымды демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда Еуропалық Одақтың көрсеткен қолдауына жоғары баға берді.

Саммит барысында Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишель, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және Түрікменстан Министрлер Кабинеті төрағасының орынбасары Нұрмұхаммет Аманнеспесов сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша жиынға қатысушылар Бірлескен баспасөз-коммюникесін қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммиті аясында Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишельмен кездесу өткізді.

Президент Шарль Мишельге ілттипат білдіре отырып, Қазақстан Еуропалық Одақпен стратегиялық серіктестікке баса мән беретінін атап өтті. Еліміздің Еуропалық Одақпен жасаған Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімі берік қарым-қатынастардың жаңа кезеңіне жол ашты. Бүгінде Еуроодақ – Қазақстанның жетекші сауда серіктесі және экономикамыздың ең ірі инвесторы.

Өз кезегінде Шарль Мишель Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалап, өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бірлесу жұмыс істеу керек екенін атап өтті. Сондай-ақ олар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

БАЛАЛАРҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайылов пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығына барды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады. Үкімет басшысы орталықта тұратын балалармен тілдесіп, олардың тұрмысымен және оқу жағдайымен танысты. Премьер-министрге оқу кабинеті, ойын алаңы, жатын бөлмелер мен асхана көрсетілді, сондай-ақ балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар және оларды мектептен кейінгі қолдау шаралары туралы айтылды.



Әлихан Смайылов орталық тәрбиеленушілерін Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтады.

«Бұл – біз үшін ерекше мереке, өйткені балалар – біздің болашағымыз! Балалардың дені сау, ақылды және табысты болып ержетіп, сапалы білім алғанын қалаймыз. Ал мемлекет бұл үшін барлық қажетті жағдайды жасауды жалғастырмақ» деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы ел Президенті жетім балаларды әлеуметтік қорғау және оларды отбасында тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударатынын атап өтті. Соңғы 10 жылда республикадағы балалар үйлерінің саны 41 пайызға, ал ондағы балалар саны 65 пайызға төмендеді. Бүгінгі таңда елде 3700-ге жуық бала тұратын осындай 116 мекеме бар.

«Біз әр баланың отбасында тәрбиеленгенін қалаймыз. Сондықтан

жыл соңына дейін кәсіби асырап алушы отбасылар институтын енгізу бойынша заңнамалық нормалар қабылданады. Біз барлық бала отбасында тәрбиеленуі керек деген мақсат қойып отырмыз. Сол кезде балалар үйлерінің қажеті де болмай қалады» деді Әлихан Смайылов.

9-сынып оқушысы Надежда Малахова Премьер-министрге орталық тәрбиеленушілері салған суретті сыйлады. Ал балаларға тәтті сыйлықтар, велосипедтер мен самокаттар тарту етілді. Әлихан Смайылов орталықта тәрбиені болып жұмыс істейтін мекеме түлектері Гүлзат Газеева және Мария Захаровамен, сондай-ақ Қазақстанның балалар үйлері түлектері қауымдастығының басшысы Рафаэль Гасанов және орталық директоры Бибігүл Такисовамен әңгімелесті. Үкімет басшысы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

қатысты сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап берді. Атап айтқанда, оларды баспанамен қамту және білім беру шаралары туралы сөз қозғады.

«Биыл республикалық бюджеттен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін пәтерлерді сатып алуға 100 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл қаражаттың кем дегенде 20 пайызы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі. Сонымен қатар, әр өңірде бюджеттен тыс және демеушілер қолдауы есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар көзделген осы санаттағы балаларды қолдау жөніндегі кешенді жоспарлар бар» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-министр әлеуметтік қолдау санаттағы балалар үшін оқуға квота көзделгенін атап өтті, бүгінде ол бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының 1 пайызын құрайды. Тәжірибе көрсеткендей, бұл жеткілікті көлем, алайда Үкімет, қажет болған жағдайда, оның мөлшерін қайта қарауға дайын. Әңгіме барысында орталық директоры Бибігүл Такисова Премьер-министрге мекеме аумағында спорт алаңын салуға жәрдемдесу туралы өтініш айтты. Әлихан Смайылов қала әкімі Жеңіс Қасымбекке осы мәселені қысқа мерзімде шешуді тапсырды. Бүгінгі таңда орталықта үш жастан 18 жасқа дейінгі 66 бала тұрады, оның ішінде 28 жетім бала бар.

«Мемлекет басшысы балаларды әлеуметтік қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Сол сияқты бүгін мектептерде 11-сынып оқушыларына арнап соңғы қоңырау соғылды. Түлектерге ҰБТ мен емтихандарда сәттілік тілеймін! Оқушыларымыз үлкен өмірге қадам басқалы отыр. Түлектердің таңдаған мамандығы алдағы өміріне үлкен қуаныш әкеліп, биік шыңдарды бағындыруын тілеймін! Бүгінгі мерекемен тағы да құттықтаймын! Әрбір отбасына зор денсаулық, бақыт және табыс тілеймін! Баланың жүзіндегі шынайы күлкі ата-ана үшін ең үлкен қуаныштың бірі екені анық» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов елордада ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры ұйымдастырған мерекелік шараға қатысты. Балаларды қорғау күнімен құттықтай отырып, Алтай Көлгінов өскелең ұрпақты қолдаудың маңызын атап өтті.

ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ



– Мемлекет басшысы балаларға, олардың сапалы білім алуына, мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Биыл 1-4-сыныпта оқитын 1,5 млн оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Жыл сайын әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 500 мыңға жуық бала мемлекет есебінен мектеп формасын алады. Бүгінгі таңда 188 мың бала мемлекеттің ерекше қамқорлығына мұқтаж, 82 пайызы инклюзивті біліммен қамтамасыз етілген, бұл жұмысты күшейту қажет. Сонымен бірге даму ерекшеліктері бар балалардың 97 пайызы психологиялық-педагогикалық тәрбиемен қамтылған. Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетін болады, – деді вице-премьер.

Республикада кәсіби асырап алушы отбасылар институтын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде, балалар үйлерінде тәрбиеленушілер саны азайып келеді. Тек соңғы 10 жылда 7 мың бала өз отбасын тапты. Балалар үйлері балаларды қолдау орталықтарына айналуға, ондағы жағдай жақсарған. Сондай-ақ 1 қыркүйекке дейін білім беру ұйымдарының 100 пайызын қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету жоспарланғанын атап өткен жөн: жедел басқару орталығына қосу, лицензияланған күзетті ұйымдастыру, дабыл түймелерін орнату көзделген. Бұдан басқа, республикада балалардың зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау, олардың құқықтары мен әл-ауқатын қолдау мақсатындағы ету жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КАРТАСЫ

Кеше елорда әкімдігінде Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорда активімен бірге қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын талқылады.



Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Басқосуға қалалық мәслихат депутаттары, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары, ғылыми мекемелер мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты. Бұл полиция мен әкімдіктің кеңейтілген түрдегі алғашқы кездесуі еді.

Еліміздің бас полиция елордадағы қазіргі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жұмысына көңілі толатынын айта келіп, тәртіп сақшыларының уақытпен санаспай күні-түні жұмыс істеудің нәтижесінде қылмыс елімізде 16 пайызға, ал Астанада 17 пайызға төмендегенін тілге тиек етті.

– Дегенмен мұның барлығына тек салдармен күрестің арқасында қол жетті, – деді ол. – Ал қылмысқа көптеген фактор әсер етеді әлеуметтік, экономикалық көші-қон деген сияқты. Осыған орай, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою барлық мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың жүйелі жұмысын талап етеді.

«Міне, бүгін біз қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен серіктестікте қамтамасыз ету тұжырымдамасында осы мәселелерді қатерге ала отырып, екі негізгі тезиске назар аудардық. Оның бірі – қылмыстың алдын алу, яғни салдарымен күресу. Екіншісі – осы бағытта қоғам мен жұртшылықтың күш-жігерін барынша жұмылдыра білу. Сол үшін тұжырымдама негізінде түйткілді мәселелер бағдарланған әрі оны басқару үдерісін енгізетін Астана проблемалар картасын әзірлеп, ұсынып отырмыз.

Картаға 7 негізге топтастырылған халық үшін өзекті 38 проблема енгізілді. Бұл – мас күйінде жасалған қылмыс, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, ұрлықтың алдын алу, жол қауіпсіздігі және басқалар. Мәселен, ұрлық, алаяқтық, отбасындағы зорлық-зомбылық, жасөспірімдер қылмысы, жол апаты, тағы басқа да өзекті мәселелер жалпыға белгілі. Картада мұндай құқық бұзушылық орын алатын және оларды азайту бойынша ұсыныстар әзірленген нақты мекенжайлар бар.

Сондай-ақ картаға «есірткі саудасының ұйымдасқан түрлерінің жоғары тәуекелдері», әсіресе «синтетика» мәселесі кіреді. Қазір елордада есірткі саудасы, оның ішінде «синтетикамен» қылмыстық құқық бұзушылықтың өсуі байқалады. Жыл басынан бері 46 кг есірткі, 10 кг «синтетика» тәркіленді.

Картаның тағы бір ерекшелігі – полиция қызметін күшейту арқылы әлеуметтік немесе экономикалық тамыры бар қылмыстарды азайтуға күш салу. Мәселен, елордада 26 техника тексеру орталығы биыл 34 мыңнан астам көлік құралын тексерді. Соның нәтижесінде қаладағы көліктің 50 пайызы пайдаланғанына 10 жылдан асқан болып шықты.

Елордалық тәртіп сақшылары жолдарда 4 мыңнан астам ақаулы автокөлікті анықтады. Сонымен қатар картаға жол инфрақұрылымын дамыту, жалдамалы пәтерлер мен ойын-сауық орындарының тыныштықты бұзуы және басқа да бірқатар мәселе енгізілді.

Марат Ахметжанов мұндай түйткілдер – бағдарланған тәсіл абстрактілі емес,

нақты мәселелерді анықтауға, жүйелеуге және жоюға мүмкіндік беретінін атап көрсетті.

«Бұл біз үшін негізгі міндеттерді нақтылайды, жұмыстың нәтижелілігін арттырады, ең бастысы қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасын барлық өңірлерде іске асыру үшін қажетті дағдыларды дамытады» деді.

Астана қаласында жыл басынан бері жалпы қылмыс 19 пайызға азайған. Ал кісі өлтіру – 51, зорлау – 37, қарақшылық – 36, тонау – 16, бұзақылық – 47, ұрлық – 28, көшедегі қылмыс 12 пайызға төмендеген. Бұл ретте елордада 10 мың адамға шаққанда қылмыс саны 127-ден аспайтыны да айтылды.

Статистика көрсетіп отырғандай, қылмыскерлердің 80 пайызы жұмыссыз, 73 пайызының білімі жоқ әрі қылмыстың 50 пайызы мас күйінде жасалады.

Тағы бір мәлімет, кейінгі екі жылда құмар ойындар нарығы жылжымайтын мүлік нарығын басып озып, қазақстандықтар ең көп қаржы жұмсайтын жетекші орынға шығып отыр. Биылғы бірінші тоқсанда ғана осы бағыттағы халық шығыны 100 млрд теңгеден асыпты.

Астанада бір жылда 71,7 кг есірткі тәркіленді. Оның 13 келісі – «синтетика». Бұл – 39 мың бір реттік доза. Олардың қара нарықтағы бағасы 260 млн теңгеден асады.

Биыл елде жасалған 7800-ден аса интернет-алаяқтықтың 5-еуі Астанаға тиесілі. Сонымен қатар министр елордада киберполдың құрылғанын да атап өтті. Ол заманауи жабдықтармен жабдықталып, интернеттегі қылмыстарды ашу мен тергеу тәсіліне бейімделді.

Елордадағы барлық қылмыстың 1/3 бөлігі – ұрлық. Әрбір бесінші ұрлық сауда нүктелерінде жасалады екен.

Биыл бейнебақылау жүйесі арқылы жалған нөмірлерді пайдаланудың 100 фактісін, жүргізуші куәлігі жоқ 1,5 мың азаматты анықтады.

Ішкі істер министрінің қала активімен болған кездесуінде қаладағы құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, оны мейлінше болдырмауға қатысты басқа да көптеген мәселе көтерілді.

– Бұл карта жобасы баршамыздың жұмылып жұмыс істеуімізді қажет етеді. Бұдан азаматтар барлық өзгерісті сезінуі керек. Олардың ұсыныстары мен бастамалары бізге ауадай қажет. Жалпы мұндай түйткілдер – бағдарланған тәсіл баршамызға нақты проблемаларды анықтауға әрі оны мейлінше тез жоюға мүмкіндік береді, – деп түйіндеді министр сөзін.



ЖАЗДА СУ ҚЫСЫМЫ ҚАЛПЫНА КЕЛЕДІ

Бас қалада жазда су қысымы қалпына келеді. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Өздеріңіз білетіндей, бірер айдан бері «Астана су арнасы» су қысымын төмендетуге мәжбүр болды. Кейбір тұрғын үй кешендерінде сорғыларына байланысты қиындық туындады. Мамандар арнайы барып, басқарушы компанияларға жүйелерді жөндеу ісіне көмектесті. Маусым айынан бастап біз жаңа №3 су сорғыш-сүзгіш станцияны пайдалануға беруді бастаймыз. Алдымен іске қосу және жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Су жүретін жүйені тексеріп, содан кейін тұтынушыларға күн сайын 35 мың текше метр су береміз. Тамыз айында күніне 105 мың текше метр көлемде су жүретін жүйені іске қосуды жоспарлап отырмыз» деді қала басшысы.

Жеңіс Қасымбек бұл №3 су сорғыш-сүзгіш станцияны іске қосу қаладағы сумен жабдықтау мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік беретінін айтты. Сондай-ақ әкім құрылыс жұмысы жүріп жатқан аудандардың барын да тілге тиек етті.

«Алдымызда жылыту маусымының мәселесі де бар. Қала өсіп келеді, тұрғын үй, әлеуметтік және өзге де нысандар саны артып келеді. Оның бәрін жылыту керек. Қаламызда жылыту маусымы орта есеппен алғанда 7-8 айға созылады. Мұның бәрі тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің нысандарына үлкен күш түсіреді» деді ол.

Әкім жылу беруді толықтай қамтамасыз ету үшін бүгінге дейін екі газбен жылыту станциясының («Тұран», «Оңтүстік-шығыс») құрылысы басталғанын айтты.

«Сондай-ақ №3 жылу-электр орталығының құрылысы да жүріп жатыр. Ол құрылысы ұзаққа созылған нысанға айналды. Осы нысандардың құрылысын аяқтап, 2023-2024 жылыту маусымына олардың қуатын ескере отырып, іске қосуды міндеттедім. Мердігерлер жауапкершілікті толықтай сезіне білуі керек» деді Жеңіс Қасымбек.

АНАЛАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Астана қаласындағы «Жанұя» отбасы институты орталығында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Назғұл Сағындықова, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Айжан Есмағамбетова, Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Сәрсен Құранбек, Оқу-ағарту министрінің орынбасары Еділ Оспан, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұрзаев және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері қатысқан жиынға республика өңірлерінен аналар шақырылған.

Жақында мүмкіндігі шектеулі балаларын тәрбиелеп-өсіріп отырған аналар қауымдастығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа өздерін толғандырған мәселелер бойынша хат жолдаған болатын. «Жанұя» орталығында өткен жиында сол мәселелер кенінен талқыланды.

Кездесуге онлайн режимде қатысқан Гүлжан Хусайнова мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды айта келіп, мүгедек балаларды мемлекеттік тапсырыс аясында емханалық жүйе арқылы емдеуді тоқтатып, оның орнына

әр балаға тікелей қаражат бөледі қарастырып, олардың емделуге өз таңдауын жасауға мүмкіндік беру жөнінде айтты. Сондай-ақ аналар тарапынан Даун ауруымен сырқаттанатын балаларды жүйке ауруымен ауыратындар қатарына қоспауды, аутизм ауруымен сырқаттанатын балаларды 18 жасқа дейін аутизм диагнозын қалдыруды, шипажайлық оңалту шараларын оңтайландыру, барлық мүмкіндігі шектеулі адамдарды емдейтін және оңалтатын мекемелерде камералар орнатылуы қажеттігі жөнінде ұсыныстар айтылды.

Кездесу барысында Қостанай, Қызылорда, Атырау және Астана қаласынан қатысқан аналар мемлекеттік орган өкілдеріне нақтылы сұрақтар қойып, сонымен қатар, өз ұсыныс-тілегін жеткізді. Өз кезегінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдар мен мекемелердің өкілдері аналар тарапынан қойылған әрбір сұраққа жан-жақты жауап беріп, олардың шешілу жолын талқылап, мүмкіндігі шектеулі балалардың мәселесін мейлінше жеңілдетуге байланысты жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

ҰЛТТЫҚ НЫШАНДАР АВТОРЛАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Биыл – Мемлекеттік тудың авторы Шәкен Ниязбековтің туғанына 85 жыл. Осыған орай, рәміздер күні қарсаңында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шарада көрнекті сәулетші, елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлына да құрмет көрсетілді.



университет профессоры Жандарбек Мәлібекұлы өз кезегінде рәміздердің мемлекеттік және этникалық бірегейлікті білдіретін мән-мағынасына тоқталды.

«Елтаңбада жасанды нәрсе жоқ. Барлығы – мәдениетімізден, дәстүрден туындаған элементтер. Мысалы, қошқар мүйіз бекер тұрған жоқ, шаңырағың биік, кереген кең, босаған берік болсын дегенде, босағаның мағынасын күшейту үшін сол арқар мен қошқар мүйізді келтірдік. Екіншіден, бұл көз тимесін деген мағынаны білдіреді. Қола дәуіріндегі Ботай заманында жылқыны алғаш рет қолға үйреткен қазақ болды. Сондықтан мұның мәнін білсін деген мақсатта тұлпарларды бейнеледі» деді сәулетші.

Сондай-ақ, елтаңба авторы мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың

елтаңбаны еліміздің басты нышаны етіп қабылдағанды сіңірген еңбегін баса айтты.

«Айтарға сөз жоқ, еңбегі ұшан-теңіз, ол ұмытылмақ емес. Өйткені депутаттардың ішінде ұлттық нақыштарға қатысты сөз айтқандар көп болды. Ал 306 депутаттың 237-сі жақтап дауыс берді. Оның өзі Әбіш Кекілбаевтың депутаттарға: «Ұлттық нақышқа, тұлпарға, шаңыраққа тіл тигізетін сендер қандай адамсыңдар?» дегеннен кейін ғана барып көбейді. Несін жасырайын, сол кездегі қуанышыма шек болмады» деп еске алды Жандарбек Мәлібекұлы.

Конференция барысында «Жыл патриоты-2022» номинациясының иегері Абылайхан Әбдіраш қоғамда және жастар арасында мемлекеттік рәміздердің орны туралы ойын айтты.

№65 (4498) 03/06/2023 Бейсенбі



Төбеңнен елдік нұрын
тұрған құйып,
Өмірде ешнәрсе жоқ
тудан биік!

Несінбек АЙТҰЛЫ

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ТӨБЕМЕ КӨТЕРЕР КӨК ТУЫМ

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін айдай әлемге паш ететін, мемлекетіміздің өткені, бүгінгі және болашағы арасындағы сабақтастықтың бөгенайы бөлек маңызды белгісі. 1992 жылы 4 маусым күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді. Сол күннен бастап бұл күн «мемлекеттік рәміздердің туған күні» ретінде ұлықталып келеді. Бірақ біз бір күнді «рәміздер күні» деп белгілегенімізбен, басқа күндерде сол қастерлі белгілерге қандай құрмет көрсетіп жүрміз? Қазақтың барлық баласы көк туын тік ұстап, көкірегіне басып, ардақтауға әзір ме? Байқаймын, біздің елде жас ұрпаққа осы жағындағы тәрбие жүйелі жүргізілмей жатқан тәрізді. Өйткені бізге жас жеткіншектердің мемлекеттік рәміздерге деген түсінігі мен махаббаты солғын сияқты сезіледі.

Шетелде жүрген кезімізде ақсақалдардың Тұңғыш Президенттің суретін көргенде «қазақтың патшасы осы екен ғой» деп сүйінгенін, Қазақстанның көк туын көргенде «аспан түстес асылым, ақыр заман болғанша Алаш аспанында желбіре» деп кемсендеп, көзіне жас алып, туды құшырлана иіскенін талай көрдік. Соны көріп өскен соң ба, жоқ әлде бала күнімізден Қазақстан, көк ту деген ұғым санамызға сіңіп, жүрегімізге жазылып қалған соң ба, көк туды көргенде көзіміз шырадай жанып, айрықша рухтанып кететінбіз. Қытай елінде мемлекет мерекесі кезінде ту шығарып, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету

Елін, жерін, мемлекетін сүю қандай қасиетті ұғым болса, сол мемлекеттің маңызды белгісі саналатын мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті міндеті. Ұрпағын «Туған жерге туыңды тік», қандай қайғы-қасіретке жолықсаң да рухыңды сындырма, туыңды жықпа деп тәрбиелейтін қазақ халқы көтерген туын жанынан артық қорғаған. Ту ұстап, қол бастаған батырларын құрметтеп, төбесіне көтерген. Міне, осы бір қасиет қарапайым қағида ретінде әр қазақтың қанына сіңген.

бұлжымас борышқа айналған. Таң атпай тұрып, ту шығару салтанатына қатысып тұрған кезде «шіркін, қашан Қазақстанға жетіп, көк тудың алдына «Менің Қазақстанымды» шырақ тұрар екенмін...» деп талай қиялдаған едім. 2011 жылы Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайына Қытай мемлекетінен келген делегацияның құрамында мен де болдым. Салтанатты жиын басталар алдында әнұран шырқалып, көк туымыз баяу көтерілген сәтте менің тұла бойым шымырлап, көзімнен жас ыршып кеткенін өзім де сезбей қалдым. Әрине, бұл көп адамға күлкілі, асырып айтқан сөз сияқты сезілуі мүмкін. Көк туды күнде көріп жүрген адамдардың мұндай сезімге бөлене бермейтіні де белгілі. Бірақ шетелде жүрген қазақтар үшін Қазақстан деген атаудан киелі, көк тудан қасиетті ештеңе жоқ. Қасиетінен айналайын көк туды көргенде рухтанып кететіні де содан. Бұған дәйекті дәлел ретінде «Көк тудың желбірегені» әнінің сөзін жазған Алмас Ахметбектің мына сөзін келтірсек те жеткілікті секілді:

«1993 жылы азаттықтың он төртінші айында алғаш рет туған еліміздің топырағына табаным тиген-

де, «Қорғас» бекетінен желбіреген туымызды көрдім. Тудың құдіреті жүрегімді шарпып өткендей болды. Адамдардың асқақ сезімін аспаннан ағыл-тегіл шашып, мемлекеттілігі бар ел екенін меңзеп тұрған талай жұрттың желбіреп тұрған жалауын көріп жүрміз, бірақ сол сәтте көз алдыма тұрған ту мен үшін басқа еді. Ақында аяқасты келетін алақұйын сезім, шалқып келетін шабыт деген болады. Тап сол сәтте ту маған ғана арнап тіл қатып тұрғандай көрінді. Сондай көңіл күйдің әсерімен жазылған өлеңнің алғашқы шумағы:

*«Көк тудың желбірегені
Бақыттың елжірегені,
Қыырда қалған қазақтың
Ата жұртына жете алмай
Көзінің мөлдірегені»* деп өрілді. Кейін бұл өлеңге ән жазылды».

Бұл – еш бояусыз шындық. Біздің бұған қосарымыз Қытай елінде мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету қонады. Мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап туға құрмет көрсету отанышдықтың басты белгісі ретінде насихатталады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу жайлы жазылған шығармалар бастауыш

мектептердің оқулықтарына дейін енгізіліп, арнаулы сабақ ретінде оқытылады. Тудың суреті басылған нәрселерді аяқтың астына тастамайды. «Қазақстан» маркалы тәтті шоколадтарды жеуін жесек те, қабын аяқтың астына тастағымыз келмей қиналатын әдет бойымызда сол бала кезде қалыптасқан.

Қытайда көк тудың суреті басылған киімдерді кию сәнге айналғанына да 30 жылға таяды. Қазақстанға біреу туысшылап немесе сапарлай барса, сәлемдемеге Қазақстанның туы басылған немесе рәміз түстес спорт киімдерін тапсырушы едік. Алда-жалда көк туы бар бас киім қолымызға түссе, оған балалар түгіл, үлкендер де қызыға қарайтын. Бірақ ол жақта қазір бәрі де өзгерді. Әлемдік жарыстарда Қытайдың қызыл туына емес, Қазақстанның көк туына қолдаушы болып, тақым қысып отыратын әдетін де қоя бастады.

Қысқасы, әр елдің азаматтары үшін өз мемлекеттік рәміздерінен қастерлі ештеңе жоқ. Бірақ әңгіме соны қалай сезінуде. Төбеме көтерер туым деп шын жүректен сүйе білмесен, ол да қарапайым нәрсеге айналып, қадір-қасиеті төмендеп кетеді.



Хасан ШАРИПОВ,
«Дустлик» өзбек
қауымдастығы
төрағасының
орынбасары:

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЖЫРАМАС АТРИБУТЫ

– Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін ажырамас атрибутының бірі. Барша қазақ жұрты үшін рәміздер – отанышдылыққа үндейтін аса қастерлі құндылығымыз. Онда қазақстандықтардың бүкіл арман-мақсаты бір ұғымға жиналған. Ел байрағындағы қалықтап ұшқан қыран, шұғылалы күн бейбіт аспан мен еркіндікті білдірсе, елтаңбадағы шаңырақ, кереге, босаға ұғымдары – елдіктің символы. Мемлекетіміздің іргесі берік, әлеуметі мықты болсын деген тілек таңбаланған.

Бір жағынан алғанда, көпке белгілі мемлекет рәміздеріне неге суреттеп отырмын? Оның үлкен мәні бар. Өйткені мемлекетіміздің елтаңбасындағы, туындағы символдық белгілерді танымау, оның мағынасына мән бермей, қарапайым тарихына қызықпау адамдарды отансүйгіштік қасиетінен ажыратып, өз еліне, жеріне немқұрайды қарауға әкеп соғады. Өскекең ұрпақ рәміздерді зерделеу қарап, бар болмысымен ұғынғанда ғана жүрегінде ыстық сезім оянып, елі үшін, кең шалқар даласы мен әсем қалалары үшін, мемлекетінің зәңгір көгі үшін мақтана алады. Мемлекеттік рәміздер ұлт бірлігі негізінің бірі ретінде қызмет етуі керек. Сонда ғана тарихи миссияның мәні ашылып, оның қызметіне баға бере аламыз.

Еліміздің үлкен патриоты ретінде барша қазақстандықты Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтаймын! Еліміз өркендеп, абыройы асқақтай берсін!

ТІЛ МЕН РӘМІЗ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Мемлекеттік тіл мен рәміздер – тәуелсіздігіміздің айғағы әрі екеуі егіз ұғым. Көк туымыз биікте мәңгі желбіреуі үшін ана тілінің мәртебесі де жоғары болуы тиіс. Осыған орай, Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен «Руханият» мекемесі «Тіл мен рәміз» атты тағылымды іс-шара өткізді.

Райхан
РАХМЕТОВА

Сарыарқа аудандық әкімдігінде өткен мерекелік жиынға елтаңба авторы, профессор, «Барыс» орденінің иегері Жандарбек Мәлібекұлы басты қонақ ретінде шақырылды. 1992 жылы 1 қаңтарда ҚР Мемлекеттік рәміздеріне конкурс жарияланып, келесі күні жұмыс тобы құрылды. Комиссия 4 ай ішінде 14 отырыс өткізіп, конкурста 245 жұмыс пен 67 ұсыныс хат түседі. Сол кезде «Мекен» атауымен түскен №173 жұмысқа ерекше мән беріледі. Соның өзінде осы жұмыстағы қошқар мүйіз, жұлдыз, пыраққа байланысты біраз талас-тартыс болады. Ақыры жобаны Жоғарғы Кеңестің 238 депутаты қолдайды. Сөйтіп осы жұмыстың иесі Жандарбек Мәлібекұлы бүгінгі таңдағы ең терең мағыналы елтаңба авторы ретінде тарихта қалды.

Қазақстан елтаңбасындағы шаңырақ мемлекеттің түп негізі – отбасының бейнесі болса, 72 уық елдік негізі – татулық тірегі айғақтайды. Пырақ – жасымас жігер мен бостандық сүйгіштіктің символы. 1997 жылы қоладан құйылған 32 кг елтаңба үлгісі Алматыдан Астанаға жеткізілді. 2016 жылы 1 қаңтарда елтаңбаның жаңа ҚР 989-2014 стандарты қабылданды.

– Жас ұрпақты елшіл, ұлтшыл етіп тәрбиелеуде мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Еліміздің елтаңбасы мән-мағынасы мен дизайны жағынан әлемде 194 мемлекеттің ішінде 9-орында тұр. Бүгінде бұл бәріміз үшін мақтаныш, қазір айту оңай болғанмен, бұған жету оңай болмағаны рас. Бұл еңбек – үлкен намыстан туған жұмыс. Қандай қиын болса да, біз өз мұратымызға жеттік. Ендігі жерде еліміздің егемендігі мәңгі болу үшін және азаматтар са-



палы өмір сүруі үшін сапалы сананы қалыптастыру керек, – деді елтаңба авторы.

Жиынға қатысқан ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департамент басшысы Әли Амантайұлы өскекең ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерді дамытуда аталған мерекенің маңызы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ ол елтаңба авторын

департамент атынан алғыс хатпен марапаттаса, өз кезегінде Ж.Мәлібекұлы елтаңбаның төсбелгі ретінде жасалған нұсқасын Әли Амантайұлының кеудесіне өз қолымен тақты. Жиынға қатысушы жастар мен мемлекеттік қызметкерлерге туымыз бен тіліміздің қадір-қасиеті туралы да ой-пікірлер айтылды.

– Әлемде бүгінгі таңда 7 мың тіл болса, біздің қазақ тілі солардың ішін-

дегі 60 ерекше тілдің ішіне кіреді екен. Ата-бабаларымыз айтып кеткендей, түркі тілдерінің ең асылы, ең жауһары, ең тазасы – қазақ тілі. Сондықтан ана тіліміздің қадір-қасиетін жақсы білсек, алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңейе түсері анық. Мемлекеттік қызметкерлер түгел қазақша сөйлеп, барлық іс-қағаз ана тілімізде жазылар болса, тәуелсіздігіміздің тұғыры биіктеп, елдігіміз нығая түсері сөзсіз, – деді іс-шараны ұйымдастырушы «Руханият» КММ басшысы Әділ Орынбасарұлы.

Жиын барысында халықтың сенімін ақтап, Отанға қалтқысыз қызмет етуді басты ұстаным етеміз деген бірқатар мемлекеттік қызметкердің ант беру рәсімі де өтті. Іс-шара кезінде, сонымен қатар, Астана қаласының мемлекеттік қызметкерлері арасында өткен спартакиада жүлдегерлері сол жарысқа қатысқаны және спортты серік етіп, салауатты өмір салтын насихаттағаны үшін марапаттарға ие болды. Бұл жарысқа 23 мемлекеттік органның 300-ден астам мемлекеттік қызметкер қатысқан екен. Кеш соңында эстрада және дәстүрлі әнші Жаңабай Өтегенов М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіне жазылған әнін алғаш рет орындады.

РӘМІЗДЕР ТАРИХЫНА ҮҢІЛСЕК...

Халқымыздың рәміздер тарихы мән-мағынасы жағынан алғанда, тереңде жатыр деп айта аламыз. Сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары өткен замандардағы алтыннан құйылған түрлі символ-тотемдер, тасқа қашалған бейнелерді өздерін танытқан, елдің белгісі деп құрылым болады. Олардың бер жағындағы әр жүздің тамғалары да геральдика саласының бір нышаны деп қарастырылады.

Айгүл УАИС

Геральдиканың әлемдік тұжырымдамасы турғысынан алғанда, еуропалық мәнермен жасалған қазіргі түсінігіміздегі рәміздердің де қазақ еліне қатысты екі ғасырлықтай тарихы бар. Еуропалық мәнермен алғаш рет патша заманында жеті бірдей өңірдің гербісі жасалған екен. Отар елдің боданына түскен Каспий өңірі, Семей, Жетісу, Сырдария, Орал, Торғай, Түркістан облыстарының гербтері қазіргі күнде тарихшылардың зерттеу нысандары болып қалды.

Патша өкіметін қиратып, орнына келген большевиктер тұсында қазақ жерінде өзін-өзі басқару, жеке мемлекет ретінде қалыптасу үрдісі жүргені белгілі. Осы тұста геральдиканың классикалық үлгісімен Алаш және Түркістан автономиясының жалауы пайда болады.

Қызыл тудың ішінде бейнеленген жарты Ай мен Жұлдыз, ал Түркістан автономиясының туын қызыл матаның жартысын жауып тұрған көк түсте қазақ даласында ұзақ желбіреген жоқ. Артынша 1920-1925 жылдар аралығында бұрынғы автономиялардың орнына алдымен, Қырғыз АССР, содан кейін 1925-1936 ж.ж Қазақ АССР құрылып, кеңестік мәнерге икемделген қалыппен мемлекеттік құрылымның рәміздері пайда болды. Бұл рәміздерді жасау үшін сол кезде арнайы конкурс жарияланып, суретші Александр Сергеевич Иванов дегеннің жобасы қабылданған екен.

Егер 1927 жылы жасалған гербтің суретіне қарап отырсақ, бұл нұсқада жоғары жағында қазақ тілінде, ортасында орысша КАЗССР, төменгі жағында осы сөзді қарақалпақ тілінде араб әрпімен жазған екен. Оның себебі 1924-1930 жылдары Қарақалпақ автономиялық республикасы Қазақ ССР-інің құрамында болған еді.

1937 жылдары Қазақстан басқа да КСРО құрамындағы 15 одақтас елдің гербінен аса қатты ерекшелік жоқ, бір стандартпен жасалды. Бұл гербтер екі түрлі кезеңге қатысты өзгеріске түскен. Бірінші кезең 1939 жылы латын тіліне көшуіне байланысты, екінші кезең 1939-1978 жылғы республика аты және

«Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер» деген ұран екі тілде жазылды. Аңғарған адам орақ пен балғаның орналасуынан да өзгерісті байқайды. Алғашқы екеуінде балғаның сабы орақтың астында тұрса, соңғысында үстінен түскен. Бірқатар өзгерістер жалаудың жазуында да бар. Көбіміздің есімізде 1953-1991 жылдардағы жалау қалды. Негізі 1936-1940 жылдардағы және 1940-1953 жылдар арасында үш түрлі ту болғаны тарихтан белгілі.

Кез келген елтаңба мемлекеттің өткені мен бүгінінен, болашағынан хабарлар ететін, өзін анықтайтын белгісі болып табылады. Мемлекеттік рәміздер тарихи процестің жеке әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік Елтаңба міндетті түрде мемлекеттің ерекшеліктерін толық көрсетуге тиіс.

Егемен еліміздің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Онда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен елтаңбасының сипаттары көрсетілді.

Ел байрағының ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу алтын түстес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Әнұранымыздың бірінші шумағынан кейін қайырмасына келгенде дауысымыз күшейе бастады... екінші шумағында сәл бәсеңдеп барып, енді соңғы қайырмасында тағы да дауысымызды көтеремекші болып тұрғанымызда әнұранымыз кілт үзілді. Жан-жағыма қараймын, мен естімей тұрмын ба әлде елдің бәрі үндемей қалды ма



ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ӘНҰРАН

Жақында Ташкент қаласында бокстан өткен әлем чемпионатына барудың сәті түскен. Әлемнің үздік боксшылары қолғап түйістірген байрақты бәсекеден абыройымыз асқақтап келдік.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Төрткүл дүниенің алдында төрт рет әнұранымыз шырқалды. Бұл дегеніміз – Қазақстанның намысын қорғаған төрт боксшымыз әлем чемпионы атанды деген сөз. Әлем біріншілігінің финалына шыққан Санжар Тәшкенбай, Сабырхан Махмұт, Асланбек Шымбергенов және Нұрбек Оралбай жеңіс тұғырының ең биік сатысында тұрып қазақтың әнұранын шырқады. Бұл жердегі айтпағым, олар өздері ғана шырқап қоймады, сол жекпе-жектерді шаршы алаңның жанынан көрген бар қазақ қосылып шырқады.

Ташкент төріндегі байрақты бәсекеде ең бірінші болып қазақ жігіті (Санжар Тәшкенбай, 48 келі) әлем чемпионы атағын иеленген. Содан тағы бір ақтық айқас өткеннен кейін жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. Көңіліміз қош, қазір көк туымыз биікке көтеріліп, әнұранымыз шырқалады деп марқайып тұрмыз. Рингандардың зор дауысы атшаптырым сарайдың ішін жаңғыртып «Әлем чемпионы Санжар Тәшкенбай, Қазақстан!» дегенде ұшарға қанат таппай қуандық. Санжарға алтын медал мен алтын белдігі тапсырылған соң Қазақстанның мемлекеттік әнұраны әуелет кетті. Біз де чемпиондарымызға қарап тұрып, кеудемізді қуаныш кернеп ақырындап әуенге қосылып тұрмыз.

Әнұранымыздың бірінші шумағынан кейін қайырмасына келгенде дауысымыз күшейе бастады... екінші шумағында сәл бәсеңдеп барып, енді соңғы қайырмасында тағы да дауысымызды көтеремекші болып тұрғанымызда әнұранымыз кілт үзілді. Жан-жағыма қараймын, мен естімей тұрмын ба әлде елдің бәрі үндемей қалды ма

дегендей ой да санаға сап етті... Сөйтсек, біздің әнұранның соңғы қайырмасы ұнтаспаға мүлде түспей қалған, сөзі түгелі, әуені де естілмей үзілді. Бірақ осы сәтте өмірімде бірінші рет әнұранның шынайы қуатын сезіндім. Үлкен сарайдың ішіндегі қазақ жанкүйерлері екпінмен естіліп келген әнұранды өздері шырқай жөнелді. Ешкімге ешкім ештеңе айтқан жоқ, әркімнің жүрегі өзінше елжіреп, жүректер толқынысы бір арнаға тоғысып кете берді. Өзім ортада отырғандықтан, сарайдың екі қанатында жайғасқан жанкүйерлердің дауысын ап-анық естіп тұрдым. «...Менің елім, менің елім, гүлің болып егілемін, жырың болып төгілемін елім...» туған жерім менің Қазақстаным!...» деген дауыстан кең сарайдың іші жаңғырып барады. Байқаймын, жанымда тұрған шетелдік журналистер маған қарап қалыпты, мен болсам қолымды жүрегіме қойып, бар дауысыммен әндетіп тұрмын. Санжар Тәшкенбай да тұғыр төрінде тапжылмай шырқап тұр...

Осындай жағдай қалған үш чемпиондымыз тұғыр төріне көтерілгенде де қайталанды. Алайда қазақ жанкүйерлері қасиетті әнұранымызды тағы да үш рет соңына дейін шырқап шықты. Ал біздің жанкүйерлер шырқап тұрғанда, жанымыздағы басқа елдердің спортшылары мен жанкүйерлері бастарын шайқап тұрды. Олардың бізге қызығып қарап тұрғанын сездім.

Иә, осы жолы егер әнұран жүректен шығып айтылса, жерді жаратынын ұғындым. Ташкенттегі қазақ әнұранына байланысты болған осы оқиғаның бейнебаяндары әлемді шарлап та кетті. Ең бастысы, қазақ жанкүйері ұлттық болмысымызды көрсетті, елдік абыройымызды асқақтатты.



Алаш автономиясының туы 1917-1920



Түркістан автономиясының туы 1917-1918



1940-1953



1953-1991

ТҰТАСТЫҚ ПЕН БІРЛІК БЕЛГІСІ

Мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын ұлттық бірегейлік тұрғысынан түсінуіміз керек. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректора, философия ғылымдарының докторы Әлия Масалимова Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай академияда өткен дөңгелек үстел мәжілісінде айтты.

«Мемлекеттік рәміздер елді әлемге таныстыратын нышан ғана емес, сонымен бірге ұлттық тұтастығы мен бірлігін білдіретін азаматтар мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтады» деді ол.

Әлия Масалимова Мемлекеттік рәміздер

Қазақстан халқының ұлылығы мен рухани құндылықтарын бейнелейтін атап өтті.

«Мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын ұлттық бірегейлік тұрғысынан түсінуіміз керек. Ту, Елтаңба, Әнұран – тәуелсіз мемлекетіміздің рәміздері. Онда бізді өзгелерден ерекшелеп тұратын, мазмұны құнды, еліміздің бірегейлігін айқындайтын мәдени код бар. Рәміздер негізінде жалпыұлттық идея, идеологиялық тұжырымдамалар құрылады, патриоттық сезім мен құндылықтар қалыптасады» деді философия ғылымдарының докторы.





СОҒЫЛДЫ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

1 маусымда Астананың 164 мектебінде оқу жылының аяқталуына орай салтанатты іс-шаралар өтті. №8 мектеп-лицейіндегі салтанатты жиынға Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев қатысып, түлектерді мектеп бітіруімен құттықтады. Оларға сәт-сапар тілеп, жылы лебіздерін білдірді.



– Бүгін бізде соңғы қоңырау кеші болып жатыр. Мектеп бітіргенімізге де 11 жыл өтіпті. Достарымды, ұстаздарымды қимай тұрмын. Мен биология пәнін таңдап, медицина саласына оқуға түскім келеді. ҰБТ-дан жақсы нәтиже көрсетіп те жүрмін. Алдағы мақсатым – «Алтын белгіні» қорғап, грантқа оқуға түсу» дейді №8 мектеп-лицейінің түлегі Данияр Абдушукуров.

8 мектеп-лицей ғимараты 2020 жылы 1 қыркүйегінде ашылды. 1725 оқушы білім алуда. Мектеп «Құндылыққа

негізделген білім беру» жобасымен білім береді. Директоры – Гүлнұр Айтимова.

– Мен 11 «ә» сыныбының жетекшісімін. Биыл мектепті 45 түлек аяқтап, алтын ұясынан ұшқалы отыр. «Алтын белгіге» 3 үміткеріміз бар. Шәкірттеріміз мектепті бітіріп, жаңа өмірге қадам баспақ. Оқушыларымыз қимай да тұрмын. Оларға өмір жолында сәттілік тілеймін. Алдағы сынақ – ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, қалаған мамандық иесі болса деген тілегім бар» дейді №8 мектеп-лицейінің мұғалімі Маржан Тәбешова.

Маусымның алғашқы онкүндігінде 9-сынып түлектері қорытынды емтихан тапсырады. Ал 11-сынып бітірушілері үшін мемлекеттік емтихандар маусымның 5-19 аралығында өтеді. 22 маусымда түлектерге аттестат берілсе, жазғы лагерлер 5 маусымнан басталады.

Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ФАРИЗА МЕКТЕБІНДЕГІ МЕРЕКЕ

Астана мектептерінде оқу жылының аяқталуына арналған салтанатты жиындар өтті. Биыл оқу жылында бастауышты – 104 324 бала, 9-сыныпты – 18 443 оқушы, 11-сыныпты 9 539 түлек тәмамдады. «Алтын белгіге» үміткер 280 оқушы бар.



Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназиясында ұйымдастырылған соңғы қоңырау салтанатына профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Президент жанындағы Ұлттық Құрылтай және Астана қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев, Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген заңгері Ирак Елекеев, мектептің Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Абылайхан Амантайұлы қатысып, ұстаздар мен ата-аналарды, мектеп бітіруші түлектерді құттықтады.

– Жас түлектерге ағалық ақ тілегімізді айту үшін келіп отырмыз, – деді Кәрімбек Құрманәлиев құттықтау сөзінде. Тарихты тұғырлы тұлғалар жасайды, ақын Фариза апамыз – соның бірі де бірегейі. Жас түлектер руханиятқа көбірек көңіл бөлуі керек, өмірде өз



орнын тауып, елінің дамуына үлес қосқаны дұрыс. Сағынып оралатын алтын ұясын да ұмытпай, ұстаздарын жақсы жетістіктерімен қуанта беруі тиіс. Ғылым мен білім дамымай алға оза алмаймыз, барлық жетістік тек білімде.

– Өмірде әртүрлі жағдай

болады, қуанып, қайғыратын, қиын да қызықты сәттер көп болады, сонда ерекше күш-қайратпен жігерленіп алға ұмтылған жас қана жақсы жетістіктерге жете алады. Мамандық таңдау – жауапты іс. Жоғары оқу орнын оқып, диплом алу бар да, жетістікпен

нәтижелі жұмыс істеу, өз мамандығыңды жақсы көру деген бар. Жас түлектерге тек сәттілік пен ақжол тілеймін, – дейді Ирак Елекеев.

– Еліміздің болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан әркезде терең білім алу жолында жалықпай, талмай, ізденіп, ел тізгінін ұстайтын азамат болуларыңызды тілеймін, – деді мектеп басшысы түлектерге.

Мектеп директоры Нұрлан Исақовтың айтуынша, қазақ мектебі 2015 жылы ашылған, Фариза ақынның атымен 2022 жылдың 14 наурызынан бері аталып келеді. Оқу ордасында 1600-ге жуық оқушы білім алады. Қазақ тілі мен ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады. Биыл 60 жас түлек үлкен өмірге жолдама алды, олардың 4-еуі – «Алтын белгіге», 5-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Былғы жылдың тағы ерекшелігі – мектебіміз №77 гимназия болса, биыл жетінші рет түлектерін ұшырып отыр. Түлектерге сәт сапар тілейміз, ұстаздардың берген білімдерін, өз еңбектері ақталсын дейміз, – деді мектеп директоры Н.Мендібайұлы.

Салтанатты жиында түлектер, ата-аналар алқасының өкілдері, сынып жетекшілері құттықтау сөз сөйлеп, бастауыш сыныпты бітіруші 4-сынып түлектері «Фариза мектебі» әнін хормен орындады. 1-сынып оқушылары бітіруші түлектерге арнап өлең оқығаны, мектеп бітіруші түлектердің қоштасу вальсі ерекше әсерлі болды.

Мектеп бітіруші түлектер «Аманат» дәстүрімен 10-сынып оқушыларына Мемлекеттік туды және «Білім кілтін» табыстау рәсімін жасады. Жиын соңында түлектердің «Қош бол, мектебім!» хоры айтылып, вокал тобы «Соңғы қоңырау» әнін орындады. Сосын түлектерге арналған соңғы қоңырау соғылды.

БАЛАЛАР ҚУАНҒАН КҮН

1 маусым күні Астанадағы Мамандандырылған балалар үйінің 90 жылдығы және Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала күлкісі – әлемнің көркі» атты мерекелік іс-шара өтті. Балаларды құттықтап, сыйлықтарын тапсыруға Астана қаласының мәслихат депутаттары, қоғамдық қорлар өкілдері, өнер қайраткерлері және меценаттар келді.



Кішкентай бүлдіршіндерге арналған мерекелік шараны балалар үйінің басшысы Татьяна Александровна бастады. Мекеменің тарихына тоқталып, 2000-2010 жылдары көптеген баланы шет елдің азаматтары асырап алғанын айтты. Бір жақсысы, қазіргі таңда тәрбиеленіп жатқан балалардың 60 пайызынан астамы өз туысқандарымен қайта қауышып, жақындары қамқорлығына алады екен. Ол кішкентай балапандарды мерекелерімен құттықтап келген қонақтарға үлкен алғысын білдірді.

Балаларға арналған салтанатты шара театрланған қойылым форматында өткізілді. Көрініс анасын жоғалтқан марғау жайында болды. Марғауға балдырғандар көмектесіп, түрлі «сынақтан» өтіп, көптеген ойын ойнатылды. Балалар тәрбиешілерімен бірге билеп, ән шырады. Шын мәнінде бұл шара балаларға керемет көңіл-күй, қуаныш сыйлады.

Шара барысында келген қонақтарға сөз беріліп, Ауыл партиясы атынан келген Парламент депутаты Қарақат Әбден балаларды мейрамдарымен құттықтап, тәрбиешілерге атқарып жатқан қиын жұмыстары үшін алғыс білдірді.

– Балалар үйінде қазіргі таңда 70-ке жуық бала қамқорлыққа алынған. Тарихы тереңде жатқан ұйым-

ның қызметі аса жауапты дер едім. Әкімдік тарапынан елордалық барша кішкентай тұрғындардың денсаулығы, жарқын болашағы үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Жас ұрпақтың дені сау, білімді, ұлтжанды болып өсуіне қызмет етеміз» деді Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратов.

Балаларға арналған мерекеді бір жасар Медина мен Адема атты егіз бүлдіршіннің тұсауы кесілді. Рәсімді Кувейт мемлекетінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Омар Ахмед Мұхаммед Мұрат Эль-Кандари және танымал әнші Қарақат Әбдідина жоғалтқан марғау жайында болды. Марғауға балдырғандар көмектесіп, түрлі «сынақтан» өтіп, көптеген ойын ойнатылды. Балалар тәрбиешілерімен бірге билеп, ән шырады. Шын мәнінде бұл шара балаларға керемет көңіл-күй, қуаныш сыйлады.

«Жетім көрсең, жебей жүр» дейді халқымыз. Тағдырдың сынына ерте түскен балаларымызды жылатпай, көздерін жаутаңдатпай, қорғап-қолдап жүру – парызымыз. Себебі әрбір бала бақытты болуға лайықты!

Жібек КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ

КҮРЕСКЕР ТҰЛҒА ИМАНЖҮСІП ҚҰТПАНҰЛЫНЫҢ ӘН МҰРАСЫ ЖАҢҒЫРДЫ

Кешті Астананың Музыкалық жас көрермен театрының әртістері сахналық қойылыммен ашып, Иманжүсіптің дүниеге келіп, өмірден өткенге дейінгі маңызды кезеңдерді қамтыды. Даңқты балуан Қажымұқан Иманжүсіпті аға тұтып, алдынан кесе-көлденең өтпеген. Иманжүсіптен бір жас қана кіші халық композиторы Балуан Шолақ та сөзін тыңдаған. Әсіресе, осы үш кейіпкердің қатысуымен өткен көрініс әсерлі шықты.

Иманжүсіптің немересі, атасының мұрасы мен тұлғасын отыз жыл бойы зерттеп келе жатқан философия ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Раушан Иманжүсіп кешке құрметті қонақ болып қатысты. Тұлғаның ұрпағы мен астаналық филармонияның «Халық әні» бөлімінің көркемдік жетекшісі, мәдениет саласының үздігі Тельман Нұркенов арасында сұхбат өрбіп, бірталай мәліметтер айтылды.

– 1992 жылы біздің үйге бір хат келді. Онда «үш әріптің» хабары бар екен. Әкеме жазылған бұл хатта: «Сіздің әкеңіз Иманжүсіп Құтпанұлы 1931 жылы 2 наурызда «халық жауы» атанып, Мойынқұм көтерілісінің басшысы болып атылған. Сүйегі Таразда жатыр. Егер басқа да мәліметтер керек болса, сол жақтан білесіздер» деп жазылған» деген Раушан Иманжүсіп өкісі Нұрхан содан кейін жасы ұлғайғандықтан, атасының жатқан жерін және мұрасын іздеуді өзіне аманаттағанын айтты.

Иманжүсіптің немересі сол күннен бастап бұл істі қолға алып, міне, отыз жыл бойы сонымен айналысып келе жатыр. Атасының зиратын да, суретін де тапты. Отызға тарта кітап жазып, докторлық диссертация қорғады. Бір сөзбен айтқанда, әке аманатын орындады.

– Тоқсаныншы жылдардың басында Ақмола қаласына келдім. Сол уақытта осы қалада Иманжүсіптің көзін көрген жиырма шақты адам болды. Менің бір бақытым – сол. Жалпы Иманжүсіп осы Астананың сал-серісі, бала жастан қазіргі Аршалы ауданына қарайтын Жібек жолы ауылында өсті. Сондағы ақсақалдарға Иманжүсіп десем, олар жылап қоя берді. Сөйтсем, сол заманда қандай жағдай болса да Иманжүсіп көмектесіп, елге пана болады екен. 1913 жылы Иманжүсіпті «Тұрғанбай датқаның немересің, елге кел» деп Сыр бойына шақырған. Сонда оны осы жердің халқы қимаған екен. 2000 жылы Астанада Иманжүсіпті еске алу кеші өтіп, Сыр бойынан, Есіл бойынан ағайындар

Өз заманында ноқтаға басы сыймай өткен күрескер ақын, әнші, халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлының туғанына биыл – 160 жыл. Өр рухты тұлға жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде бірталай қуғын көріп, «халық жауы» атанды. Жетпіске таянған жасында Әулие ата жерінде атылды. Арада алпыс жыл өткенде ғана ақталды. Бірақ әлі күнге дейін ән мұрасы елге толығымен жетпей жатыр. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі мен «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы халық композиторының мерейтойына арнап «Иманжүсіптің әні» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Онда тұлғалық қасиеттері айшықталып, ел әлі ести қоймаған бірнеше әні ұсынылды.



келіп, көрісті. Сонда ақсақалдар сахнаға шығып: «Иманжүсіп неге кеткенін енді түсіндік. Ол ел мен елді біріктіру үшін кеткен екен» деп сөйледі, – деген Раушан Иманжүсіп атасының «Сарыарқа» әнінің тарихын айтып берді.

Оның айтуынша, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары елге Қытайдан Әмина Бапина (Нұғманова) деген әнші келіп, осы жақта Иманжүсіптің әндері айтылмайтынына таңқалған. Ал Қытайда әр отырыста Құтпанұлының туындылары шырқалады екен. Қазақстанда бір тойда «Сарыарқаны» салғанда Сәбит Мұқанов пен Әлкей Марғұланды елең еткізген. Олар Иманжүсіптің әнін таныған. Сәбит пен Әлкейдің қолқалауымен

осы ән радиоға жазылған. Қазір бұл ән Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы. Кеште бұл әнді республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Жақсыгелді Маясаров шырқады.

Ал Иманжүсіптің «Ел қайда» әні Александр Затаевичтің 1925 жылы шыққан қазақ әндері жинағына енгізілген. Алайда ол қазақ тілін білмегендіктен, сөзін жазбай нотасын ғана енгізген. Бұл әнді музыкатанушы Қостанай облысынан келген 15 жасар екі қыздан жазып алған екен. Раушан Иманжүсіп кейін бұл ән мәтінін іздегенде Қостанайдың Глазуновқа ауылынан тапқан. Осы туындыны республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Айдос



ИМАНЖҮСІПТІҢ РУХЫНА

Есілдің бойы көп қамы,
Саздауға бітіп серейген.
Қарыған сені шоқ намыс,
Сағынтып өткен Ереймен.

Құлының ертіп жосылған,
Ботасын ертіп боздаған.
Алты өзен ағып қосылған,
Қазақтың жері – өз далаң.

Адалдан болды жолдасын,
Басыңнан өтті сергелден.
Илмей өтті өр басың,
Құжайды талай көргенмен.

Тепсінің теңдік сұрадың,
Тағы да айдау, тағы сын.
Кендікке біткен қыраным,
Биікке біткен барысым!

Жарлыны байға теңгердің,
Сөздерің қайсар, сазың мұң,
Бүркіттей бүрген шеңгелдім,
Бөрідей өжет азулым!

Абыройы болдың Арқаның,
Шиелі қоныс алыс тым.
Құландай асау тарпаңым,
Тұлпардай өрен шабыстым!

Халықта қалды жыр-әнің,
Ақиқат рас, бары шын.
Жұмақтан болсын тұрағың,
Арманда кеткен арысым!

Азаттық болды ұраның,
Ұрпақтың жалғасқаны шын.
Шың құзға біткен шынарым,
Шындықтың алдаспанысың!

Ерболат БАЯТ

әні болып айтылды. Осы әнді талантты әнші Өзгеріс Шерікбай шырқады.

Халық композиторы Нартай Бекежановтың ағасы, қуғын-сүргін құрбандарының бірі, ақын Мансұр Бекежанов кезінде Иманжүсіпке хат жазған. Кейін бұл туынды жырға түсірілді. Осы шығарманы республикалық байқаулардың лауреаты Айнұр Қонысбаева ұсынды.

Кеште көп айтылмайтын Иманжүсіптің «Әкем Құтпан» әнін Берік Амаров, «Қараөткелді» мәдениет саласының үздігі Данияр Мұқан, «Болған жастанды» талантты әнші Сырым Мұхаметжанов салды. Елге белгілі «Иманжүсіптің әні» туындысын танымал әнші Секен Сыздық әулетті. «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы бірнеше күйді тарту етті. Кербез, сұлу Көкшеден арнайы келген Ақмола облыстық «Әдебиет және өнер» музейінің директоры Нұрбек Нұралин, Мәлік Ғабдуллин музейінің директоры Кенжебай Мұқышев Иманжүсіпке жылы лебіздерін жеткізіп, сый-сыяпат жасады. Ақын, жазушы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD доктор Ерболат Баят «Иманжүсіптің рухына» атты өлеңін оқыды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтау дамыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурсты өткізу шарттары, күні және орны

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтау дамыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс (бұдан әрі-конкурс) жариялайды.

Конкурстың өтетін орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс, онлайн режимде.

Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 11 үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: зерттеулер жүргізу, ғылыми-техникалық, ақпараттық және білім беру бағдарламаларын іске асыру, медициналық статистиканы және денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіру арқылы денсаулық сақтау жүйесін дамытуға жәрдемдесу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білім, сондай-ақ мынадай талаптардың біріне сәйкестігі:

- 1) денсаулық сақтау саласында жұмыс тәжірибесінің болуы немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша лауазымында кемінде 5 жыл тәжірибесінің болуы;
- 2) денсаулық сақтау саласында жұмыс тәжірибесінің болуы немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша басшы лауазымында кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе)

экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

2. Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды:

- 1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған адам;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам;
- 4) Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорнын басшысымен жақын туыстық қатынастарындағы адамдар.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда);
- 4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын конвертке жапсырады, оны «түпнұсқа» деп белгілейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні – мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 5 кіреберіс мекенжайы бойынша ұсынылуы тиіс.

Конкурсты өткізу күні – конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейінгі жұмыс күні.

Кандидаттың конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде әңгімелесу өткізіледі.

Астана қалалық және Есіл аудандық Ардагерлер кеңестері қалалық Ардагерлер кеңесінің медиатобы мүшесі, белгілі журналист
Амангелді Жұмабектің қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.



«Мемлекеттік рәміздер – ұлт нышаны» атты мерекелік іс-шара

04/06 10:00

«Бәйтерек» монументі алаңы



«Ел рәміздері – еркіндік нышаны» телемарафоны

04/06 11:00

Астана әкімдігінің Youtube-каналы



Бәйге

04/06 12:00

«Қазанат» атшабары



ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне орай автошеру

04/06 10:00

«Мемлекеттік рәміздер» алаңы



«Еліме тағзым» атты Нұржамал Үсенбаеваның кеші

04/06 17:00

«Астана» концерт залы

АҚЫНДАР ЕЛДІКТІ ЖЫРЛАДЫ

Мемлекеттік рәміздер күні қарсаңында Ұлттық музейде «Көк туым мәңгі желбіре» атты жас ақындар арасында айтыс өтті. Оған айтыс өнерінде қалыптасып, таныла бастаған ақындар қатысты.

Қатарынан екінші жыл өткен айтыста мемлекеттің негізгі нышаны – рәміздердің құндылығы жырға арқау болып, елдіктің жолы дәріптелді.

Ықылым заманнан қазақ баласы сөздің құдіретін терең түсініп, бір ауыз сөзге тоқтап, сөз зергерлерін ерекше құрмет тұтты. Бұл дәстүр сабақтастығы үзілмей, бүгінге жетті. Сахна төріндегі жас ақындарды рухани қолдап, қоллаштап отырған көрерменнің ықыласынан осыны аңғардық.

Сөз додасын елге белгілі ақын Еркебұлан Қайназар тізгінідеп, жас ақындарға бағыт-бағдар беріп, айтыстың мәнін аша түсті. Ақындардың шабысына алашқа танымал ақындар Баянғали Әлімжан, Жібек Бұлтанова, Әбдіғани Бәзілханұлы өз бағасын берді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың оты өршіген тұста, елдің рухын көтеру үшін Алматыға ақындардың басын қосты. Бұл 1943 жыл еді. Сол тұста ұлт өнерін қайта



дамытуда жазушы Мұхтар Әуезов із қалдырса, сол дәстүрді Жүрсін Ерман жалғастырып, айтысты өз биігіне шығарды.

Бүгінде жер-жерде айтыс өнер ретінде бағаланып, өнер жастары үлкен қозғалыс ретінде қалыптасты. Кешегі айтыста осыны аңғардық. Мемлекеттік рәміздерді ұлықтаған айтыста домбыраны серік еткен ақыннан бөлек, қобыздың қоңыр үні күмбірлеткен ақын Бөкен Жігерұлы сахнаға көтерілді.

Айтыстың қорытындысы бойынша ақмолалық ақын Нұрмахан

Жақыпбек «Әзімбек Жанқұлиев» атындағы арнайы жұлдеге ие болды. Абай облысының өкілі Айшолпан Тілейтау «Әселхан Қылыбекованың» атындағы арнайы жұлдесін, Бөкен Жігерұлы «Оразалы Досбосыновтың», Арлан Аманқожаұлы «Ерік Асқаровтың», Нұрдаулет Өмірбеков «Қоныс Әбдідің», Ерасыл Жақсыбек «Салауат Исахаевтың» арнайы жұлдесін алды.

Шынар ӘБИП,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

КІТАПШЕН ӘЛЕМ ЖАРҚЫН

Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мекемесі халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Кітаппен әлем жарқын және мейірімді» атты кітап оқу іс-шарасын ұйымдастырды.

Мақсаты – балаларды айналасындағыларға мейірімді болуға тәрбиелеу, олардың бойындағы жеке қасиеттерін, патриоттық сезімін дамыту, шығармашылық бастама көтеруге үйрету, оқуға, кітапханаға деген қызығушылығын қолдау және жақсы көңіл-күй сыйлау. Іс-шара «Бала тілі – бал» балалар шығармашылық жиынымен бастау алды. Балалар би билеп, өлең оқып, ән салып көрермендерді тәнті етті.

«Тақия тігу» шығармашылық шеберханасы қолданбалы қолөнер бойынша шеберлік сабағын өткізді. Сондай-ақ «Кел, оқиық, бүлдіршін!» буккроссинг акциясы, «Рисунко на лице» аквагримі, «Кітаппен әлем жарқын және мейірімді» безендірілген кітап көрмесі ұйымдастырылды. Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі қызықты ойындар, қуыршақ театрының қойылымдары да өткізілді.

Кітапханада ең бастысы, ақын, драматург, жазушы, Қазақстан-



ның еңбек сіңірген қайраткері Баянғали Әлімжановтың «400 тәтті тақпақ» кітабының тұсау-кесері өтті. Баянғали ағамыздың өмір жолы мен шығармашылығы жөнінде деректерді оқушылар ақынның өз аузынан естіп, оған көкейінде жүрген сұрақтарын

қойды. Кездесу барысында балалар ақынның бірнеше өлеңін мәнерлеп оқып берді.

Эльгиза ЕРМЕК,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

АСҚАРДЫҢ АЛҒАН АСУЫ

Елордада республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, «Шабит-2017» фестивалінің бас жұлдегері, дәстүрлі әнші Асқар Мұқияттың «Асқар асу» атты жеке шығармашылық кеші өтті. Кеште әлемдік классика және қазақ композиторларының шығармалары орындалды.



Еліміздің ұлттық музыкалық мұрасын кеңінен насихаттауға зор үлес қосып жүрген Асқар Мұқияттың шығармашылық кешінде «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі және «Гүлдер» ансамблімен бірге өнер көрсетті. Кеш қонақтары болған Перизат Тұрарова, Рухия Байдүкенова, Айтат Қарабек, Қайсар Мұхтар, Әділжан Толықпаев, Венера Табыс, Дана Молдағалиева сынды белгілі әншілер де ән шашуларын ала келді.

Қазақтың дәстүрлі ән өнерінде ерекше қолтаңбасымен танылған әнші халқымыздың киелі қара домбырасымен Ақан сері Қорамсаұлының «Сырымбетін», Үкілі Ыбырайдың «Жиырма бесін», Естай Беркімбаулының «Қорланын», Ақан Серінің «Ләйлім шырағын», Үкілі Ыбырайдың «Гәккүйін» және тағы да басқа сирек

орындалып, ұмыт болып бара жатқан әндерді шырқап, көрермендердің қошеметіне бөленді. Әншінің екі ай дайындалған концертті жоғары деңгейде өтті. Сұхбат кезінде одан кеш атауын неліктен «Асқар асу» деп қойғанын сұрадық.

– Көп ұзамай орда бұзар отыз жасқа келемін, осы бір мен үшін үлкен белес алдында ендігі алар асуым жоғары болсын деп ырымдап, кеш атауын «Асқар асу» деп қойдық, – дейді ол. Кешке әншінің әкесі мен анасы, ұстаздары да қатысты. Дәстүрлі әнші барша көрерменге алғыс айтып, концерт соңын қазақшылықты дәріптейтін «Қазақша» әнімен аяқтады.

Эльгиза ЕРМЕК,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
1-курс студенті



БАЛАЛАР КӨРМЕСІ

Ұлттық музейде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Balavision-2023: бақытты балалық шақ» атты мерекелік концерт және бейнелеу өнері көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Мерекелік концертте №3 балалар музыка мектебі, Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназиясы, №1 балалар мектебі, «Бином» мектебі, №75 мектеп оқушылары мен «Life dance» би студиясының бишілері өнер көрсетті.

«Кескіндеме және графика» үйірмесі 2015 жылдың маусым айында ашылды. Онда белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Мұхтар Байбасынов балаларды бейнелеу өнеріне баулиды. Үйірмедегі оқыту бағдарламасы қабілеттерін жетілдіріп, өмірдегі және өнердегі сұлулықты сезіне білу қасиетін қалыптастырады. Сонымен қатар отандық және өнер тарихын оқытып, сурет салу техникасын меңгертеді.

Осы күнге дейін үйірмеге қатысушылардың 10-нан аса көрмесі өткізіліп, 350 баланы құрады. Оқушылар қайырымдылық көрмелері мен байқауларға қатысты. Ал Balavision-2023 балалар көрмесіне 25 оқушының 50-ге жуық жұмыстары қойылды.

Төлеген ӘБДІРАСЫЛОВ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
2-курс студенті

